

Жасөспірімдері
мектебі

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Құралай» балабақшасы

Топ: «Тұлпар» ересек

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.12 - 08.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні: Қуанова.Р.К

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту) Балалардың көңіл күйін анықтауға арналған "Көңіл күй" BilimKids мультфильмімен қарсы алу.				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау	"Табиғат бұрышы" Табиғат бұрышындағы кезекшілік күнін балалар тірі объектілер үшін жауапкершілік	"Күтушіге төсек салуға көмек көрсету". Мақсат-міндеттері. Балаларға өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету;	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері: балаларға жөндеуді	"Біздің шкафта тәртіп бар". Мақсат-міндеттері: балаларға сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бүктеу кезінде	"Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету;

және басқалар)	сезінетіндей етіп ұйымдастыру керек. Балалар таңертең барлық жұмысты жасаса (балықтарға қорек беру, гүлдерді суару, торды тазарту және тағы басқа), кейін оларға тіршілік иелері мен өсімдіктерге назар аударудың қажеті болмай қалады, сондықтан педагог балаларға күні бойы атқаратын жұмысты реттеге көмектескені дұрыс: балықты таңертең қоректендіруге, ал өсімдіктерді кейінірек суаруға болады. Педагог балалардың түсінігінде өздері жасаған жұмыстың ұжым үшін маңыздылығы	ересектерге қолдарынан келетін көмектерін көрсетуге ынталарын тәрбиелеу; еңбектенуге ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	ұқыптылыққа үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)
----------------	---	--	--	---	---

	туралы түсінік қалыптастырады, айналасындағыларға қамқорлық көрсете отырып, өз жұмысын уақытында істеуге ұмтылысты дамытады. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)				
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Пазл жинау ойыны. Мақсат-міндеттер: қолдың ұсақ моторикасы мен қозғалыс координациясын дамыту, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін	"Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау. Педагог балаларға көкөністер мен жемістерді өсіріп, баптау, жинау әрекеттері жайында әңгімелеуді ұсынады. Құралдар: жемістер мен көкөністерге	"Не артық?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі	"Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері,	"Не дөңгелек болады?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: ой-өрістерін, зеректікті, қиялдарын дамыту, білімдерін бекіту. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар) "Стоп-кадр" пантомима жаттығуы. Мақсат-міндеттер:

	жаттықтыру, логикаларын дамыту, табандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (танымдық-дағдылар) Мақсат-міндеттер: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар. (танымдық дағдылар)	тиісті адамның еңбегі туралы суреттер. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) "Қайсысы ең ауыр?" логикалық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа,	заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды, салады. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артықты табу үшін балалар төрттің арасынан бәріне ортақ қасиеті жоқты іздеп атайды. (танымдық дағдылар) Логикалық ойын. "Жұбын тап" Мақсат-міндеттер: қасиеттер белгілерімен таниды, көріп есте сақтауларын дамытады. (танымдық дағдылар)	ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар) Жапсырудан ойын-жаттығу "Тостағанды әшекейлейміз".	балаларға жан-жануар, құстың қимылын көрсетуді және "стоп-кадр" белгісі бойынша қимылдап жатқан сол кейпінде қозғалмай, "қатып қалу" қалпын көрсете білуге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, зейінін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, қазір сендер әуенді тындап, жан-жануарды, құсты немесе жәндіктің қимылдарына еліктейсіңдер. Мен болсам, фотоаппаратты қолда ұстап тұрамын. "Стоп-кадр!" - деген белгіні естісеңдер, сол қалыптарыңды сақтап қалуларың
--	---	---	--	---	---

		қарбыз, лимон, доп, кияр) Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады. Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады. Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе		Мақсат-міндеттер: балаларды қағазды бұру арқылы, бұрыштарын кесіп алып, тостаған қимаулігісін қағаздың тең ортасына, көлденең орналастырып жапсыруды, тостағанның тең ортасына сол жақтан оңға қарай "қошқар мүйіз" оюларын жапсыруды үйрету.	керек. Алдын-ала жұмыста балаларға түрлі жан-жануарды, құсты, жәндіктерді көрсетуге болады. Құралдары: әуенді қосу құралы, әуендер жинағы, фотоаппарат немесе смартфон. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)
--	--	--	--	--	---

		шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады). (сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)			
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды; 3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды. 1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады).				

	7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою; 2 - бастапқы қалыпқа келу. (жаттығу 4 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: өз сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіру. Көркем сөз Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Қыс" мезгілінің ерекшеліктері. Мақсат-міндеттері. "Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Шаттық шеңбері Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен Ертемен ақ пейілмен "Қайырлы таң!"- деймін мен. Күндіз де елді елеймін: Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін	Мнемокесте бойынша отбасы туралы өлеңдер жаттау. Мақсат-міндеттер: зейін, есте сақтау қабілетін дамыту. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Үстел-үсті ойыны: "Керекті киімді табыңыз" Мақсат-міндеттер: балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажырата білуге, зейін, есте сақтау және логикалық ойлауға тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	"Қыс" мезгілінің ерекшеліктері. Мақсат-міндеттері. "Қыс" мезгілінің суретіне қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)

		«Кеш жарық!»-деп кіремін. Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды. (сөйлеуді дамыту)		дамыту)	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Төрт тағандап еңбектеу". Мақсат-міндеттері: балаларды сапта бірінің артынан бірі арақашықтықты сақтап, дене қалпын тексеріп, қатарға тұрғызуға үйрету.	Қазақ тілі "Қазақстан байлықтары. 5 дейін санау, кері санау". Мақсат-міндеттері: балалардың еліміздің негізгі байлықтары туралы білімдерін кеңейту; "байлықты" дұрыс атауды қолданылу аясы туралы түсініктерін нақтылау. Музыка "Қысты сағындық" Мақсат-міндеттер. Балалардың басқа ұлт өкілдерінің әніне деген қызығушылығын	Дене шынықтыру "Сапты бұзбай еңбектейміз". Мақсат-міндеттер: балаларды көлбеу тақтаймен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жоғары және төмен жүгіруге; орта жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40-50 метрге жүгіруге үйрету.	Музыка "Жаса, елім!" Мақсат-міндеттер: балалардың әнді эмоционалды қабылдай отырып, ән арқылы туған жерге деген елжандылық сезімін қалыптастыру.	Дене шынықтыру "Озаттар эстафеталары". Мақсат-міндеттер: балаларды қатарға үшеуден тұрып, сапты қайтадан құруға үйрету.

		арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоционалды қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; әннің ырғақты әуенін сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету; музыкадағы контрастық бөлімдерді ажырата білуге үйрету; қыс қызығы туралы ұғым беру. Балалардың орыс әуеніндегі әннің сипатын түсініп, ажырату қабілетін дамыту; әннің әуендік мазмұнын тыңдай отырып, эмоционалды			
--	--	---	--	--	--

		қабылдай білуге үйрету; өзге ұлт әуенінің ырғақтық сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; қыс туралы әнді айтуда дұрыс тыныс алу дағдысын дамыту; қыс мезгілінің ерекшелігін музыкадағы контрастық бөлімдер арқылы ажырата білуге үйрету; музыкалық- дидактикалық ойындарда зейіні мен зеректігін қалыптастыру. Балаларды эстетикалық қарым- қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; оқу қызметінде белсенділіктері мен қызығушылықтарын			
--	--	---	--	--	--

		арттыру.			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатындығын айту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: қарды белгілі бір жерге күрекпен жинау. (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттері. Күректермен әрекет ету қабілетін бекіту.	Шыршаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Шыршаның құрылымы туралы түсінік қалыптастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ұжыммен қар тазалау. Мақсат-міндеттері. Ағаш күрекшені қолдану қабілетін бекіту. (еңбек дағдылары) Қимыл-қозғалыс ойындары:	Қардың жауғанын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Маусымдық құбылыс - қардың жаууы туралы білімдерін бекіту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: ауладағы қарды белгілі бір жерге күрекпен салу; кіреберіске апаратын жолды тазарту. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Жұмысқа жауапкершілікпен	Қардың тереңдігін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Жұмбақ. Көктен түсіп көбейді, Ұқсайды өзі шекерге, Бірақ ешкім жемейді, Жерде жатыр бекерге. Ол не? (Қар). Бақылау: балалардың көңілін ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аудару, қардың қаншалықты терең екенін білуді ұсыну. Балаларға метрді көрсету және қардың әр жердегі қалыңдығын өлшеу;	Терезедегі қырауды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті) Жұмбақ. Өнері жоқ, қолы жоқ, Сурет салуды біледі. (терезедегі қырау). Ырым. Егер терезелердің екі әйнегі де буланса, аяз күшейе түседі. Бақылау: шыныдағы өрнектердің пайда болуы туралы түсінік беру. Жылы, сулы булар салқын терезелер шынысына буланып бір-бірімен

	Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруге үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Шанамен жарыс". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Аяғымен итере отырып, қар үйіндісіне белгі бойынша шанамен жылжу.	"Жағалаудан жағалауға". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Шашырап, жан-жаққа жүгіру, секіру техникаларын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Туға дейін секіру, "Қақпада". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Алға жылжыта отырып, екі аяқпен секіруге, жорғалауға жаттығу.	қарауды қалыптастыру; ұжымдық тапсырмаларды орындауға үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Аяз ата", "Қар айналады". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Өзіне тән қимыл-қозғалыстарды жасай білуге баулу; өз әрекеттерін ойынға қатысушылардың әрекеттерімен байланыстыруды үйретуді жалғастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: "Нысанаға тигіз". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дәлдікті дамыту, нысанаға затты дәлдеп лақтыруға үйрету.	қалың қарды күрекпен қазып, қардың қалыңдығына назар аудару. Қимылды ойын. «Ақшақарды ізде». (дене шынықтыру) Ептілікті, шапшандықты дамытатын, кеңістікті бағдарлауды қажет ететін, қимыл түрлерін өзгертіп отыратын ойындарға қызықтыру. Еңбек: гүлзарды жинастыруды ұйымдастыру. (еңбек дағдылары) Қарды тоқтату жөніндегі пікірді қалыптастыру (қарды тоқтатады, жел сокқанда), қардан кедергілер жасау, тәрбиешіге көмектесу.	біріктіріледі, мұзды кристалға айналады да керемет гүлдері бар мұзды бау-бақша пайда болады. Табиғаттың қысқы құбылыстарын байқауға және құбылыстарды атауға әрі қарай үйрету. Қимылды ойын: «Қасқұлақ» (Волк) (қазақ халқының ойыны). (дене шынықтыру) «Қасқұлақтан» тығылып алаңда бағдарлай білуді бекіту. Ойын ережесін сақтау («қасқұлақ» сөзді атаса сол адам өз орнында қалу керек), «күзетші» тобынан «қасқұлақты» қуу міндетті. Ойынды өзінің және басқа ойыншының
--	--	---	---	---	---

				Тапсырманы орындау, бірлесіп атқарудың кішігірім тәсілдерін қалыптастыру. Өз бетімен ойындар: өз құрдастарымен 2-3 рөлден тұратын ойын ойнағанда бірлесуге талаптандыру, рөлді бөлу, ойын тәртібін орындау, жалпы ойын шартына сәйкес әрекет ету.	әрекетімен келістіре білуін дамыту. Еңбек: мұз жолын жасау. Тәрбиешімен бірге жауапкершілікпен жолға су құйып мұз айдынын жасауға үйрету. Еңбек етуге тәрбиелеу. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойындар: ойында өз әрекетін жолдастарының әрекетімен келістіре білуге ынталандыру.
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер: өз сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіру. Көркем сөз Микробтар қаскүнем,				

	Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)				
Түскі ұйқы	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім". Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау.	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Әлем ғажабы» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Әнші бай» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) (көркем әдебиет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Құйрықтар» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Балаларды сипап ояту. Шашты тарау дененің сауығуына да ықпал етеді. Содан кейін толық жуыну: қолдар шынтаққа дейін, бет, құлақ, мойын. Майтабандықтың алдын алуға арналған жаттығулар, денені тік ұстауға тәрбиелеу. Жаяу жүру: қабырғалы жол балалардың аяқтарын керемет уқалайды, аяқтың бұлшықеттері мен байламды аппаратын нығайтады, денені тұтастай қорғайды. Көркем сөз Түскі ұйқы уақыты, Төсегіме жатамын. Ақ көрпемді жамылып Тәтті ұйқыға батамын. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Гигиеналық дағдылар				

	Мақсат-міндеттер: өз сыртқы келбетін қадағалап, жолдастарының сыртқы келбетіндегі кемшіліктерді еске салып, оларға көмектесуге ниет білдіруді дағдыға айналдыру. Тігісте жыртылған киімді тігу қабілетін жетілдіру. Көркем сөз Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Әдемі көйлек киген Дана". Мақсат-міндеттер: балаларды мерекелі киімді киген Дананың бейнесін салуға үйрету; сурет салуда қарапайым дене пропорциясын, басы және ұзын етек, жеңі бар көйлекті, бетіндегі көздері мен ауызы сияқты ұсақ бөлшектерді салу техникасын қалыптастыру.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Әжемнің құрақ көрпесі. Шаршы мен тіктөртбұрыш" Мақсат-міндеттер: балалардың геометриялық пішіндер, тіктөртбұрыш пен шаршының қасиеттері, жөніндегі білімдерін тиянақтау. Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы".	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Көк тудың желбірегені". Мақсат-міндеттер: балаларды еліміздің тәуелсіздігі туралы өлеңмен таныстыра отырып, жатқа айтуға үйрету. Вариативті компонент. Математика негіздері "Үшбұрыш пен дөңгелек бір үйшікте тұрады".	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қазақстан картасы бойынша әңгімелесу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [-с], -з] дыбыстары". Мақсат-міндеттер: Отанын сүю және басқа тақырыптарға қатысты [С], [З] дыбыстары бар сөздер мен фразаларды нақтылы айта білуге жаттықтыру, осы дыбыстардың	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Қазақстан қалалары" Мақсат-міндеттер: балаларды Қазақстанның картасымен таныстыра отырып, еліміздің қалаларын жатқа білуге үйрету. Сюжетті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат" Мақсат-міндеттер: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның

	Сюжетті-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны". Мақсат-міндеттер: балалардың сұлулық салонында жұмыс атқаратын мамандар (шаштаразшы, мастер маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) жайлы түсініктерін бекіту; жағымды қарым-қатынас орнатуға, әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Ойыншық құралдар және жапсырмалар (қатты қағазбен, пластиктан), шаштаразшы, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші сияқты мамандар	Мақсат-міндеттер: балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника т. б. Барысы. Балалар өзара отбасы мүшелерінің рөлдерін бөлісіп алады да, өздеріне	Мақсат-міндеттер: балаларды геометриялық пішіндер (дөңгелек, үшбұрыш) жайлы балалардың білім деңгейін анықтау; "бір" және "көп" деген ұғымдарды ажырату дағдыларын дамыту. Сюжетті-рөлдік ойын. "Театр". Мақсат-міндеттер: ойын барысында балалар мен бірге театрдың орны, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капельдинер, костюм бойынша декоратор, суретші, лицеист	артикуляциясын орындата отырып, сөздер құрамында, атап айтқанда, басында құлақпен қабылдауп, атауға үйрету. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Мұхитарал (океанариум)". Мақсат-міндеттер: балалардың мұхитаралдағы балықтар туралы түсініктерін кеңейту. Сюжетті-рөлдік ойын "Экологтар". Мақсат-міндеттер: эколог жұмысы жайлы түсінік беру. Әлеуметтік шығармашылыққа жағдай туғызу және мадақтау, ойын	қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш", "стюардесса", "ұшу". Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер, жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Ниет білдірушілер билеттерді кассадан сатып алады, бақылаудан өтіп, ұшаққа отырады. Жүк тасушылар жүк тиеумен айналысады.
--	--	--	---	--	--

	қолданатын; перчаткалар, халаттар, бас киімдер мен алжапқыштар; журналдар; төлем жасайтын жетондар мен карточкалар. Барысы. Педагог ойын алдында балалармен сұлулық салонында жұмыс жасайтын шаштаразшы, маникюр мен педикюр шебері, бет әрлеуші жайлы әңгімелеседі, суреттермен танысады. Балалар қай маман, қандай құралдарды пайдаланатынын түсіндіреді. Балалар сұлулық салонында жұмыс жасайтын жұмысшылардың рөлін өзара бөлісіп	қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады. Педагог алдын-ала балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	сияқты мамандар туралы білімдерін бекіту; ағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Сахна орны. "Театр" жазбасы; сахна макеті, сахналық қойылымдарға қажет (үй, ағаш, қоршау және мүмкіншілік болса перделер т.б.), кейіпкерлер костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын құралдар. Барысы. Педагог балалармен бірге театрда қандай қойылымдар	желісіне сәйкес топшаларға бөліну біліктіліктерін, сөйлеу дағдысын қалыптастыру. Балалардың эколог жұмысының адамгершілік бағыты оның табиғатты сақтауға ықпалы, әлеуметтік маңыздылығы жайлы ұғымдарын кеңейту. Ойын барысы: Тәрбиеші ойын алдында балалармен бірге плакаттар, экологтың жұмысы жайлы кітапшаларды қарастырады, "Қызыл кітап" жайлы білімдерін бекіту, эколог-маманының қызметінің маңызы неде екені жайлы талқылаған жөн. Балалар рөлдерді өздері бөледі,	Диспетчер ұшақтың ұшуын хабарлайды. Ұшу кезінде жолаушылар иллюминатордан (суреттегі бейнелерді) түрлі көріністерді – теңізді, тауларды, өзендерді, орманды қарастырады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
--	---	---	---	--	--

	алады; мамандар өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады; қалған балалар тұтынушы болады. Педагог мамандарға өз орындарын қалай дайындау керектігін түсіндіреді, ал тұтынышыларға өз қалауларын сөзбен немесе журнал бетінде бейнеленген сурет арқылы дұрыс жеткізу керектігін айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп, күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)		қойылатыны жайлы суреттер қарастырады, көрермендер мен әртістер арасындағы айырмашылықтарды анықтайды. Көрермендер алдында қойылым орнында режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық беруші, костюм әрлеуші, суретші, әрлеуші сияқты мамандар еңбек ететінін айтылады. Балалар алдын-ала әр маман сахналық қойылымға дайындық алдында қандай қимыл-қозғалыс орындайтынын кішігірім жаттығулар арқылы көрсетеді. Кейін балалар белгілі рөлдердің қайсысын	нысанды таңдайды, жергілікті жердің жоспарларымен, картамен жұмысты ұйымдастырады; экологиялық паспорттарды зерттейді; экологиялық жағдайды зерттейді (судың, ауаның, топырақтың сынамасы); экологиялық жағдайды қалыпқа келтіру бойынша жұмыс жүргізеді; фотоға түсумен айналысу. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам табиғат алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді	
--	--	--	--	--	--

			орындағысы келетін тілектерін білдіреді, орындарына орналасады. Әртістерді біріктіру үшін педагог алдымен режиссер қызметін өзіне алады, белгілі ертегі сюжетін таңдайды. Педагог ойын барысын белгілі сөз тіркестерімен сүйемелдейді, ойыншыларға қосымша сұрақтар қояды, ары қарай ойын тізбегінің жалғасуына ықпал етеді . Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сахналық қойылымдар көрермендерге қызық болу үшін, тек қана әртістер ғана емес,	дамыту)	
--	--	--	--	----------------	--

			сонымен қатар басқа да көптеген мамандар қызмет етеді; еңбекті бағалау керек; театр - әдептілік ережелері сақталатын мәдени орындардың бірі. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)		
Балалармен жеке жұмыс	Жыл мезгілі туралы әңгіме. Мақсат-міндеттері: қарапайым сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Аянамен жыл мезгілдеріне сұрақ-жауап ойыны арқылы әңгіме құруға	"Қоянға көмектес" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: заттарды санауға және олардың екі тобын салыстырып, өлшеміне, пішініне және түстеріне қарай ажыратуға дағдыландыру. (танымдық дағдылар)	Дидактикалық ойын. "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Құралдар: дорба, түрлі ойыншықтар мен заттар. Шарты. Балалардың алдына	Дидактикалық ойын. "Не артық?" Мақсат-міндеттер. Балалардың заттар мен құбылыстар классификациясы жөніндегі білімдері бекіту; аналитикалық және синтетикалық қабілеттерін, елестету, зейін қабілеттерін дамыту. Құралдар: бірнеше заттар топтамалары немесе олардың	Дамытушы ойын. "Қимылдар тізбегі". Мақсат-міндеттер. Балаларды белгілі қимылдар тізбегіне қарап, есте сақтап, тура сол қимылдар тізбегін дәлме-дәл қайта көрсетуде жаттықтыру; есте сақтау, зейін, ойлау, кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту; достыққа, ұйымшылдаққа тәрбиелеу.

	көмектесу.		шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап сезу арқылы тануға тырысуы; көргеннен кейін, заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	заттық сурет-карточкалары. Шарты: жүргізуші бір топтамаға қатысты және оған жатпайтын заттарды атайды (көрсетеді), ойыншылар артық затты атау керек. Заттардың жалпы саны төртеу болады. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	Педагог немесе балалардың бірі қалған балалардың алдында бірнеше қимылдар тізбегінің (кешенін) көрсетеді. Балалар мұқият қарап болғаннан кейін есте сақтап, қимылдарды қайта жаңғыртады. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-				

	гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Музыкалық аспаптармен ойындар. Салтанатты жиынға дайындық. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілі тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (танымдық іс-әрекет, зерттеушілік іс-әрекет) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Бала өміріндегі дәрумендердің маңызы" тақырыбында кеңес.	Ата-аналарға арналған кеңес: "Балабақшадағы сияқты күн тәртібін үй жағдайында ұйымдастыру".	Ата-аналар арналған кеңес: "Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретуге болады".	Сұрақ-жауап: "Балада салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған, отбасы дәстүрлері".	Айына бір рет "Отбасы күнін" өткізу.